

## **«Балалардың еркеліктегі мен қырсықтығын қалаң женүуге болады?»**



1. Есте сақтаңыз-«Бала-ол ата-ананың адамгершілік өміріндегі айнасы» 2. Балаңызға деген талапты көтерменеңіз. 3. Балаңызға еркіндік беріп, бірақ әркез қасында болыңыз. 4. Балаңызды мақтаңыз, мақтау ешқашан артық болмайды. 5. Балаңыз еркелеп, Сізді тыңдамаса-оны біраз уақыт жалғыз қалдырыныз, бала ойланып, тынышталады. 6. Кішкентай балалар үшін көнілін басқа жаққа аудару тәсілін қолдануға болады. 7. Үлкендер міндетті түрді балаға таңдау беру керек.(Сен көже ішесің бе әлде екінші жейсің бе?) 8. Жанжал болған жағдайды бағалаңыз. Мүмкін Сіз балаға жол берерсіз. 9. Егерде сіз баладан бірдене істеуді өтінсеңіз, Ол міндетті турде Сіздің өтінішіңізді орындау керек. Бірақ Сіз оны қадағалауыныз керек. Егер өтінішіңіз орындалмаса, балаға ескерту жасалады. 10. Бала еркелігі- ол дұрыс тәрбие бермеудің нәтижесі. 11. Балаңың кейбір қылыштарына ашуланбау мүмкін емес. Ол жиі болмаса да кей - кейде орын алып тұрады. Міне, осындаған кездері оған ашулануыныздың себебін сабырлы көзіңізде түсіндіруден қашпаңыз. «Кішкентай ғой, не түсінер дейсің?» деген түсініктен де аулақ болыңыз. Оның қай жерде дұрыс жасамағандығын айттыңыз және неге бұлай еткендігінің себебін сұраңыз. Сонда арапарыныңда бір - біріңізді еркін түсінетін көпір қалыптасады. 12. Өзінің айтқанын орындау үшін жерге өзін тастай салып, жата қалып жылайтын баланы жазалаудың ең дұрыс әдісі - оны жалғыз қалдыру. Үнсіз ғана оның бұл әрекетін елемеген болсаңыз, осы жазаңыз да жеткілікті болады. Мұнның да себебі бар, өйткені бала өзіне назар аудартқанды жақсы көреді. Жата қалып жылай бастағанына назар аудармасаңыз, оның орынсыз екенін сезіне бастайды. 13 Егер балаңың қандай да бір іс - қымылдың сізге жағымсыз болса, ыңғайсыздық тудырып жатса, оған шектеу қойғаныңыз дұрыс. Бірақ, әрине бірден түріңізді өзгертіп «болмайды!» деп айғай салу дұрыс емес. Одан да балаңың назарын басқа бір қызықты іске айналдырып жіберуге болады. Мұнда сізге сабыр қажет. Сонымен қатар, бала тілімен, оған түсінікті түрде бұлай жасау өзіңізге ыңғайсыздық тудыратынын түсіндіріп айтсаңыз, жетіп жатыр.

